

"Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 227 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы бекітілсін.
2. "Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы № 161 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 56, 791-құжат) күші жойылды деп танылсын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2017 жылғы
№ Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ ДОКТРИНАСЫ

1. Кіріспе

1. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы (бұдан әрі – Әскери доктрина) Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігімен қорғанысын қамтамасыз етуге қатысты мемлекетте ресми қабылданған көзқарастар жүйесі болып табылады.

Әскери доктринада Қазақстан Республикасына төнетін ықтимал әскери қатерлерді ескере отырып, мемлекеттік қызметтің әскери-саяси, әскери-стратегиялық және әскери-экономикалық саладағы, мемлекеттің жұмылдыру дайындығы жөніндегі негізгі

бағыттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әскери ұйымын дамыту жөніндегі негізгі шаралар айқындалған.

2. Әскери доктрина қорғаныстық сипатта және Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделерін қорғау үшін дипломатиялық, саяси, құқықтық, экономикалық және басқа да әскери емес құралдарды басым пайдалануға бейілдігін білдіреді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін әскери емес құралдармен қамтамасыз ету мүмкіндіктері таусылған кезде әскери құш қолдануды көздейді.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар Әскери доктринаның нормативтік және құқықтық негізін құрайды.

4. Әскери доктринаны әзірлеу қазіргі заманғы жағдайлар мен факторлардың ықпалын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету саласындағы қызметінің негізгі бағыттарын айқындау қажеттілігіне негізделген.

Әскери доктринаның ережелері әлемдегі әскери-саяси жағдайдың дамуын бағалау мен болжау нәтижелеріне, әскери жанжалдар сипатындағы және қарулы күрестің мазмұнындағы өзгерістерге негізделеді.

5. Әскери доктринада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әскерлердің (күштердің) жауынгерлік әлеуеті – мақсатына сәйкес міндеттерді орындау бойынша әскерлердің (күштердің) абсолюттік немесе салыстырмалы жауынгерлік мүмкіндіктерін сипаттайтын жинақталған сандық көрсеткіш;

2) мемлекеттің әскери ұйымы – бірлескен қызметі мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз етуге бағытталған қарулы күштер, басқа да әскерлер мен әскери қуралымдар, мемлекеттік органдар мен ұйымдар, қорғаныс өнеркәсібі кешені жиынтығы;

3) әскери күш – мемлекеттердің, халықтардың, әлеуметтік топтардың қарсы тұрган тарапқа әскери, сондай-ақ әскери емес құралдармен тікелей немесе жанама ықпал ету және қарулы қурес жүргізу қабілеті;

4) мемлекеттің әскери әлеуеті – мемлекеттің әскери қуатын қалыптастыру және өрістету, әскери ұйымын құружәне ұстау, қарулы қурес жүргізу үшін жұмылдырылуы және пайдаланылуы мүмкін оның барынша мүмкіндіктері;

5) әскери қуат – мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету үшін белгілі бір уақыт кезінде іске асырылуы мүмкін әскери әлеуеттің бір бөлігі;

6) әскери жанжал – мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды әскери күшті қолдану арқылы шешу нысаны, бұл кезде мемлекетте соғыс жағдайы (бір бөлігінде немесе барлық аумақта) енгізіледі;

7) төмен қарқынды әскери жанжал – оны шешу үшін мемлекетте ұдайы әзірлікте ұсталатын әскерлердің (күштердің) жауынгерлік әлеуеті жеткілікті болатын әскери жанжал;

8) орташа қарқынды әскери жанжал – оны шешу үшін мемлекеттің өзінің әскери әлеуеті жеткілікті болатын әскери жанжал;

9) жоғары қарқынды әскери жанжал – оны шешу үшін мемлекет құрамында болатын ұжымдық қауіпсіздік ұйымының мүмкіндіктері есебінен оның әскери әлеуетін қүшейту талап етілетін әскери жанжал;

10) қарулы жанжал – мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы ауқымы шектеулі қайшылықтарды әскери күшті қолдану арқылы шешу нысаны, бұл кезде мемлекетте соғыс жағдайы енгізілмейді;

11) ішкі қарулы жанжал – бір мемлекет аумағы шегінде қарсы тұрған тараптар арасында болатын қарулы жанжал, бұл кезде әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай немесе төтенше жағдай құқықтық режимі енгізіледі;

12) шекаралық қарулы жанжал – мемлекеттің шекаралық кеңістігіндегі қарсы тұратын тараптар арасындағы қарулы жанжал;

13) "гибридті" күрес әдістері – қарсы күресетін мемлекет аумағындағы жағдайды тұрақсыздандыру үшін әскери күшті (оның ішінде қарсы тұрған тараптың аумағындағы арнайы операциялар, жекеменшік әскери, күзет компанияларының күштерін), әскери емес құралдарды кешенді қолдану, сондай-ақ басқа мемлекеттердің, террористік, экстремистік ұйымдар мен сепаратистік қозғалыстардың әлеуетін пайдалану арқылы әскери-саяси жәнеәскери-стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу тәсілдері;

14) әскери емес құралдар – әскери-саяси және әскери-стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылатын әлеуметтік институттар, ұйымдар, құқықтық нормалар, рухани құндылықтар, ақпараттық және техникалық жүйелер жиынтығы.

2. Ағымдағы ахуалды талдау 2.1. Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне және әскери қатерге ықпал ететін негізгі жағдайлар мен факторлар

6. Әлемдегі әскери-саяси жағдай жоғары қарқынды және болжанбайтын дамумен, әлемде ықпал ету салалары үшін әлемдік және өнірлік "державалар" арасындағы қарсы тұрудың күшеюімен, сондай-ақ мемлекетаралық және мемлекетішлік қайшылықтарды шешуде әскери күш рөлінің артуымен сипатталады.

7. Әлемдегі әскери-саяси жағдайдың дамуын орта мерзімді перспективаға болжау жекелеген мемлекеттердің қазіргі әлемдік тәртіпті өзгертуге ұмтылысында шиеленістің күшеюі, тұрақсыздық ошақтарының кеңеюі үрдістерінің бар екенін куәландырады.

Әскери-саяси және әскери-стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін өңірлер мен мемлекеттер ішіндегі саяси, әлеуметтік, экономикалық, аумақтық, этникалық және басқа да қайшылықтар пайдаланылуы мүмкін.

8. Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлерге әкеп соқтыруы мүмкін негізгі жағдайлар:

1) қазіргі әлемдік тәртіпті өзгертуге және әлемде немесе жекелеген өңірлерде ықпал ету салаларын кеңейтуге ұмтылыста әлемдік және өңірлік "державалар" арасындағы қайшылықтардың күшеюі;

2) мемлекетаралық қатынастарда әскери күш қолдануға жол бермеуде және оның жолын кесуде халықаралық құқық тиімділігінің және халықаралық қауіпсіздік ұйымдары мүмкіндіктерінің төмендеуі;

3) әлемде және өңірлерде стратегиялық шабуылдау қару-жарақтарына тыйым салу, оларды шектеу және қысқарту мәселелеріндегі уағдаластықтардың бұзылуы;

4) әлемде жаппай қырып-жоятын қару ауқымының өрістеуі, сондай-ақ жаңа физикалық қағидаттар негізінде (психотроптық, электр магниттік, акустикалық және басқа да) жасалған жаппай әсер ететін қарудың жасалуы;

5) терроризм мен экстремизмнің жаһандануы, олардың әрекет ету географиясының және қызмет салаларының кеңеюі;

6) сепаратизм белсенділігінің өсуқарқынының сақталуы, басқа мемлекеттер аумағындағы мұдделерге қол жеткізу үшін сыртқы күштердің сепаратистік қозғалыстарды пайдалануы;

7) құрылымды бұзатын күштердің жаппай қырып-жоятын қаруға, кәдімгі қару-жарақтарға, оқ-дәрілерге, жарылғыш және басқа да құралдарға, оларды шығару технологияларына қолжетімділігін шектеу бойынша жүргізілетін шаралар тиімділігінің төмендеуі болып табылады.

9. Қалыптасатын жағдайларда Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне мынадай факторлар ықпал етуі мүмкін:

1) мемлекеттердің немесе әскери-саяси одақтардың Қазақстан Республикасында, оның стратегиялық ресурстарына және көлік инфрақұрылымына бақылау орнату үшін ықпал ету салаларын кеңейтуге ұмтылуы;

2) өңірде халықаралық террористік және экстремистік ұйымдар іс-қимылдары белсенділігінің күшеюі, Қазақстан Республикасындағы ішкі жағдайды тұрақсыздандыру мақсатында эмиссарларды, сондай-ақ террористік және экстремистік ұйымдар құрамына кіретін Қазақстан азаматтарын пайдалану;

3) өңірді милитаризациялау және Қазақстан Республикасын "қару-жарақ бәсекесіне" тарту;

4) құрылымды бұзатын күштердің жаппай қырып-жоятын қаруға, кәдімгі қару-жарақтарға, оқ-дәрілерге, жарылғыш және басқа да зақымдау құралдарына,

оларды шығару технологияларына немесе жаңа физикалық қағидаттар негізінде жасалған жаппай ықпал ететін қаруға қолжеткізу;

5) Қазақстан Республикасының әскери және әскери-экономикалық әлеуетін төмендету мүдделерінде мемлекеттің әскери ұйымының ақпараттық жүйелеріне, елдің тіршілік әрекетін қамтамасыз ету жүйелеріне бағдарламалық-техникалық ықпал етудің (кибершабуылдардың) жүзеге асырылуы.

10. Қазіргі заманғы жағдайлар мен факторларды талдау нәтижелеріне сүйенсек:

1) мемлекеттердің, халықтардың, әлеуметтік топтардың Қазақстан Республикасына қарсы, оның ішінде "гибридті" қурес әдістерін пайдалану арқылы әскери күш қолдануынемесе қолдану ниеті;

2) Қазақстан Республикасының шекаралық кеңістігінде шекаралық қарулы жанжалдардың басталуы және өршуі;

3) мемлекеттегі жағдайды тұрақсыздандыруға, конституциялық құрылымды күшпен өзгертуге, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған құрылымды бұзатын күштердің әрекеті;

4) мемлекеттердің, халықтардың, әлеуметтік топтардың мемлекеттің әскери және әскери-экономикалық әлеуетін ақпараттық-психологиялық және бағдарламалық-техникалық ықпал (кибершабуылдар) ету арқылы төмендетуге бағытталған әрекеті;

5) мемлекеттердің, әскери-саяси блоктардың Қазақстан Республикасын "қару-жарап бәсекесіне" тартуға бағытталған әрекеті;

6) өңір мемлекеттерінде жаппай қырып-жоятын қаруды, жаңа физикалық қағидаттар негізінде жасалған жаппай ықпал ететін қаруды, оларды жеткізу құралдарын жасау жөніндегі рұқсатсыз бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ құрылымды бұзатын күштерге қару-жарап пен әскери техниканы шығару үшін қолданылатын жабдықты және құрауыштарды заңсыз тарату Қазақстан Республикасына әскери қатер төндіруі мүмкін.

2.2. Қазіргі заманғы әскери жанжалдар сипаты

11. Қазіргі заманғы әскери жанжалдардың ерекшеліктері арасында олардың белсенелілігі, жылдам өтуі, әскери іс-қимылдарды жүргізу ауқымының, салаларының (ғарыш және ақпараттық кеңістік) кеңеюі, сондай-ақ қарулы қүрестегі мемлекеттің күштері мен ресурстарының жоғары қауырттығы байқалады.

12. "Гибридті" қурес әдістерін қолдану үрдісі байқалады, олардың мақсаты қолайсыз сыртқы жағдайларды жасау және қарсы тұрған мемлекетте ішкі жағдайды тұрақсыздандыру болып табылады.

13. Әскери-саяси және әскери-стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу мақсатында қарсы тұратын мемлекетті немесе өңір мемлекеттерін "қару-жарап бәсекесіне" тарту,

қарулы қарсы күресте олардың ресурстары мен мүмкіндіктерін сарқылту үшін әскери күш көрсету жүзеге асырылуы мүмкін.

Әскери жанжал басталғанға дейін және қарулы күрес барысында мемлекеттегі жағдайды тұрақсыздандыру, оның әскери және әскери-экономикалық әлеуетін төмендету мақсатында мемлекеттік және әскери басқарудың ақпараттық жүйелеріне бағдарламалық-техникалық ықпал ету (кибершабуылдар) жүзеге асырылуы мүмкін.

14. Әрбір әскери жанжалға қарулы күресті бастау тәсіліне, ауқымына, қарулы қарсы күрестегі мемлекеттің құштері мен ресурстарының қауырттығына, қарсы күресетін тараптардың сапалы сипаттамаларына, сондай-ақ мүдделерге қол жеткізуде пайдаланылатын күрес әдістеріне негізделген белгілі бір ерекшеліктер тән.

15. Қазіргі заманғы әскери жанжалдардың негізгі ерекшеліктері:

1) қоғамда әскери күш қолданудың болмай қоймайтынына және дұрыс екеніне сенімділікті алдын ала қалыптастыру;

2) әскери іс-қимылдарды жүргізудің үлкен кеңістікке құлаш жоюы, белсенділігі, жылдам өтуі және шекті қауырттығы;

3) қарулы құштердің ұтқыр және маневрлі мүмкіндіктерін арттыру, әскерлер (құштер) топтарын өрістету мерзімдерін қысқарту, мемлекетті әскери іс-қимылдар жүргізуге дайындаудың уақытша параметрлерін қысқарту;

4) бір уақытта құрлықтан, теңізден, әуе-ғарыш және ақпараттық кеңістікten ықпал ету арқылы қарсылас аумағының бүкіл өн бойына әскери іс-қимылдар жүргізу;

5) шоғырланған жергілікті жерде басымдықпен қарулы күрес жүргізу;

6) автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізу есебінен әскерлер мен қаруды басқару жеделділігін арттыру;

7) қарулы күрес құралдарын, оның ішінде дәлдігі жоғары қаруды, роботтандырылған жүйелерді, жаңа физикалық қағидаттар негізінде жасалған қаруды және жаппай қырып-жоятын қаруды кешенді қолдану;

8) дипломатиялық, саяси, ақпараттық, құқықтық қысым көрсетуді пайдалану арқылы, әскери күш көрсету және экономикалық санкцияларды енгізу жолымен тікелей емес іс-қимылдар жүргізу;

9) арнайы операциялар (арнайы мақсаттағы), жекеменшік әскери және күзет компаниялары құштерінің көмегімен басқа мемлекеттің аумағында жасырын іс-қимылдар жүргізу, сондай-ақ басқа мемлекеттердің, террористік және экстремистік үйимдардың, сепаратистік қозғалыстардың әлеуетін пайдалану;

10) қарсы күресетін тараптың мемлекеттік және әскери басқаруын бұзу, халқын азғындуға және әскерлерінің жауынгерлік рухын төмендету мақсатында ақпараттық-психологиялық және бағдарламалық-техникалық ықпал ету болып табылады.

2.3. Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі саласындағы ағымдағы жағдай

16. Қазіргі уақытта мемлекеттің әскери үйымын кешенді дамыту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуын кеңейту жөніндегі міндеттердің негізгі ауқымы іске асырылды.

17. Мемлекетке төнетін әскери қатерлерді және қарсыластың ықтимал әрекет ету салаларын ескере отырып, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрамы мен құрылымы оңтайландырылды. Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету міндеттерін шешу кезінде бірлесіп жоспарлауда, ведомствоаралық үйлестіруде және басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен, мемлекеттік органдармен және үйымдармен өзара іс-қимылды үйымдастыруда Қарулы Күштер Бас штабының рөлін арттыру үшін оған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ведомствосы мәртебесі берілді.

18. Стратегиялық бағыттарда әскерлердің (күштердің), қару-жарақтың, әскери техника мен материалдық құралдар қорларының қажетті жиынтығын жасау есебінен мемлекеттің әскери үйымының құрлық, әскери-әуе және әскери-теніз құрауышының жауынгерлік әлеуеті арттырылды.

Ақпараттық-психологиялық және ақпараттық-техникалық (кибер) ықпалғақарсы әрекет ету мүдделерінде Қарулы Күштерде ақпараттық (кибер) қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бөлімшелер құрылды.

Аумақтық қорғаныс жүйесін мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз етудің жалпы жүйесіне ықпалдастыру шенберінде Қарулы Күштер құрамында аумақтық қорғанысты басқару органы құрылды. Мемлекетке төнетін әскери қатерлерге ден қою жеделділігін қамтамасыз ету мүдделерінде Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әуе-көлік мүмкіндіктерін күшету жөнінде шаралар қабылдануда.

19. Мемлекеттің қоғамдық және әскери қауіпсіздігі міндеттерін шешудегі функцияларды кеңейту үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы болып қайта құрылды. Ішкі қарулы жанжалдың жолын кесудегі, төтенше және соғыс жағдайының құқықтық режимдерін қамтамасыз етудегі міндеттерді шешу үшін олардың әлеуеті мен мүмкіндіктері өрістетілуде.

20. Мемлекеттік шекараны күзету және Каспий теңізіндегі континенттік қайранда мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрамын күшету және инфракұрылымын дамыту жөнінде шаралар жүргізілуде.

21. Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету мүдделерінде мемлекеттік және әскери басқару жүйесін дамыту жөніндегі шараларды

іске асыру шенберінде Қарулы Қүштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскерлерді, қару мен ресурстарды автоматтандырылған басқару жүйелері енгізілуде.

22. Қарулы Қүштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жарактандыруға қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техника келіп түсіде, ол әскерлердің (қүштердің) барлау, оқ ату, соққы беру және көліктік мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік береді.

23. Стратегиялық бағыттарда әскерлер (қүштер) топтарын тұрақты және үздіксіз қамтамасыз ету үшін Қарулы Қүштерде мобиЛЬДІ және стационарлық материалдық-техникалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – МТК) құрауыштары құрылды. Өнірлік қағидат бойынша Қарулы Қүштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ықпалдастырылған МТК құрылымдарын құру бойынша жұмыс жүргізілуде.

24. Әскери білімді дамыту мұдделерінде нақты қажеттіліктерді ескере отырып, әскери оқу орындарының құрылымы нақтыланды, олардың құрамына әскери даярлық тереңдетілген оқу орындары енгізілді.

Оқу процесіне оқытудың қазіргі заманғы технологиялары енгізілуде, әскери оқу орындарының оқу-зертханалық базасы дамытылуда, шетел әскери оқу орындарымен озық тәжірибе алмасу жүргізілуде.

25. Мемлекетті жұмылдыра даярлау шенберінде басқару тұрақтылығын арттыру және мемлекеттің экономикасын соғыс уақытына ұйымдасқан түрде ауыстыру үшін мемлекеттің әскери ұйымының материалдық резервтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бірліктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар іске асырылуда.

26. Қорғаныс өнеркәсібін және мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды дамыту жөнінде шаралар жүргізілуде. Инновациялық технологиялар енгізілуде, кәсіпорындарда мемлекеттің әскери ұйымына қажетті қазіргі заманғы әскери өнім өндірісі менгерілуде.

27. Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүргізілген іс-шаралар Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайтуға және мемлекеттің әскери ұйымының әскери қатерлерге қарсы іс-қимыл жасауға әзірлігін арттыруға мүмкіндік берді.

3. Негізгі ережелер 3.1. Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаты мен қағидаттары

28. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметтің мақсаты Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлерге барабар дең қою үшін мемлекеттің әскери әлеуетін арттыру болып табылады.

29. Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезіндегі негізгі қағидаттар:

1) мемлекеттің әскери қуатының Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлер сипатына сәйкес келуі;

2) Қазақстан Республикасының әскери қуатына сүйене отырып, мемлекетаралық және мемлекетішілік қайшылықтарды шешуде әскери күшке қарағанда әскери емес құралдардың айқындаушы мәні;

3) Қарулы Қүштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік әзірлігін және мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын кепілді қамтамасыз ететін деңгейде ұстau;

4) мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жүргізілетін шаралар бағыттылығының Қазақстан Республикасының ұлттық мұдделеріне сәйкес келуі, әскери-стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің Қазақстан Республикасының әскери-саяси мақсаттарына бағыныстылығын қамтамасыз ету;

5) мемлекеттің әскери ұйымын дамытудағы сандық және сапалық тәсілдердің үйлесуі болып табылады.

3.2. Әскери қауіпсіздікті және қорғанысты қамтамасыз ету салаларындағы Қазақстан Республикасы қызметінің бағыттары 3.2.1. Әскери-саяси саладағы қызмет бағыттары

30. Қазақстан Республикасы әскери саясатының мақсаты ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекетке қарсы әскери жанжалдардың басталу қатерлерін болдырмау, халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, халықаралық терроризмге және экстремизмге қарсы күреске қатысады кеңейту, мемлекеттің әскери ұйымын Қазақстан Республикасын және оның одактастарын қарулы қорғауға ұдайы әзірлікте ұстau болып табылады.

31. Қазақстан Республикасының әскери саясаты әскери қүш мәні барынша азайтылатын халықаралық қатынастар жүйесін құруға бағытталған, мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды шешу саяси-дипломатиялық, экономикалық, ақпараттық, қызықтық және басқа да әскери емес құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылатын болады.

32. Қазақстан Республикасы бірде-бір мемлекетті қарсылас ретінде қарамайды.

33. Әскери-саяси салада Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі:

1) басқа мемлекеттермен ынтымақтастықты және тату көршілік қатынастарды дамытуға бағытталған саясатты жүргізу;

2) тендікті сақтау және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау;

3) халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу;

- 4) басқа мемлекеттермен, халықтармен, әлеуметтік топтармен қайшылықтарда әскери күшті бірінші болып қолданудан бас тарту;
- 5) мемлекеттің әскери ұйымын нығайту;
- 6) Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлерден сақтандыру және олардың жолын кесу үшін тиімді шараларды пайдалану арқылы қамтамасыз етілетін болады.

34. Әскери-саяси саладағы Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі бағыттары:
- 1) әскери қатерлер көздерін анықтау үшін әлемдегі және өнірдегі әскери-саяси жағдайдың, сондай-ақ мемлекеттегі ахуалдың дамуын бағалауды жүргізу, болжau;
 - 2) халықаралық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру, мемлекетаралық және мемлекетішлік қайшылықтарды шешуде әскери күштің маңыздылығын төмендету мақсатында басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен әріптестік пен ынтымақтастықты кеңейту;
 - 3) мемлекетке төнетін әскери қатерлердің алдын алу үшін саяси-дипломатиялық, экономикалық, құқықтық, ақпараттық және басқа да әскери емес құралдарды қолдану;
 - 4) мемлекеттің әскери әлеуетін және қуатын агрессиядан тежеуді қамтамасыз ететін деңгейде ұстau;
 - 5) Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымышенберінде халықаралық қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимылды, оның ішінде бітімгершілік қызметке қатысу арқылы күшайту;
 - 6) Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (бұдан әрі – ҰҚШҰ) және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (бұдан әрі – ШЫҰ) шенберінде ұжымдық қауіпсіздік жүйесін дамыту;
 - 7) қару-жарақты шектеу, қысқарту, таратпау және жою мәселелерінде шарттардың өзара орындалуын бақылау;
 - 8) мемлекеттер арасындағы сенім шараларын нығайту болып табылады.

3.2.2. Әскери-стратегиялық саладағы қызмет бағыттары

35. Әскери-стратегиялық саладағы қызмет мақсаты мемлекеттің әскери ұйымын Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз етуге әзірлікте ұстau болып табылады.

36. Әскери-стратегиялық саладағы Қазақстан Республикасы қызметінің бағыттары Қазақстан Республикасы Конституциясының, әскери қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы Қазақстан Республикасы зандарының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың ережелерімен айқындалады.

37. Әскери-стратегиялық саладағы Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету үшін Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жауынгерлік әзірлікте және мемлекетті жұмылдыру әзірлігінде ұстай;
- 2) әуе кеңістігін күзету және Мемлекеттік шекараны бұркемелеу;
- 3) аумақтық суларда (теңізде) және Каспий теңізінің континенттік қайрақының қазақстандық бөлігінде мемлекеттің ұлттық мұдделерін қорғау;
- 4) мемлекеттік және әскери объектілерді күзету;
- 5) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою;
- 6) диверсиялар мен террористік актілерді болдырмау және жолын кесу;
- 7) Мемлекеттік шекараадағы шекаралық инциденттерді оқшаулау және жолын кесу;
- 8) қарулы жанжалдарды оқшаулау және шешу;
- 9) мемлекетаралық және мемлекетішілік қайшылықтарды шешуде агрессиядан және әскери күшті, "гибридті" күрес әдістерін қолданудан стратегиялық тұрғыдан тартыну;
- 10) Қарулы Күштердің стратегиялық өрістетілуге әзірлігін қамтамасыз ету;
- 11) мемлекетті қарулы қорғау үшін стратегиялық іс-қимылдар жүргізу;
- 12) бітімгершілік және гуманитарлық операцияларға қатысу, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес басқа да міндеттер мен іс-шараларды орындау болып табылады.

38. Бейбіт уақытта Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрамы, жасақталуы, даярлығы мен қамтамасыз етілуі әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың және төтенше жағдайдың құқықтық режимдерін қамтамасыз етуде, шекаралық және ішкі қарулы жанжалдарды оқшаулауда, жолын кесуде және шешуде міндеттерді орындауға, сондай-ақ төмен және орташа қарқынды әскери жанжалдарда қолдануға әзірлікті қамтамасыз етуге тиіс.

39. Қазақстан Республикасының шекаралық кеңістігіндегі шекаралық қарулы жанжалды шешуді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және Ұлттық ұланының басқару органдарымен, құрамаларымен және әскери бөлімдерімен өзара іс-қимылда ҚР ҰҚҚ Шекара қызметі жүзеге асырады, қажет болған кезде басқа мемлекеттік органдардың құштері мен құралдары қолданылуы мүмкін.

40. Ишкі қарулы жанжалдардың жолын кесу Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен, Қарулы Күштерімен және басқа да мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылда Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына жүктеледі.

41. Төмен қарқынды әскери жанжалда мемлекеттің әскери ұйымының қызметі Қазақстан Республикасындағы шиеленіс ошақтарын оқшаулауға, әскери іс-қимылдарды кеңейтуді болдырмауға, әскери қүшті қолданумен қайшылықтарды шешуге, ахуалды қалпына келтіруге, зандылық пен құқық тәртібін қалпына келтіруге, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және мемлекет халқына қажетті көмек көрсетуге бағытталған.

Төмен қарқынды әскери жанжалда бейбіт уақытта ұдайы өзірлік жай-қүйінде болатын Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың басқару органдары, құрамалары мен әскери бөлімдері қолданылады.

42. Орташа қарқынды әскери жанжалда төмен қарқынды әскери жанжалда жүргізілетін іс-шаралардан басқа, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын және экономикасын соғыс уақыты жағдайларында жұмыс істеуге ауыстыру, аумақтық қорғаныс және мемлекетті қарулы қорғау үшін Қарулы Күштерді стратегиялық өрістету жүзеге асырылады.

43. Қазақстан Республикасы жоғары қарқынды әскери жанжалға тартылған жағдайда мемлекетті қарулы қорғау мүдделерінде құрамында Қазақстан Республикасы болатын ұжымдық қауіпсіздік ұйымдарының күштері мен құралдары пайдаланылатын болады.

44. Соғыс уақытында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың негізгі міндеттері мемлекеттің қорғанысын ұйымдастыру, қарсыластың әскерлерін зақымдау, оны әскери іс-қимылдарды тоқтатуға мәжбүрлеу болып табылады.

45. Қарсылас "гибридті" құрес әдістерін қолданған кезде мемлекеттің әскери ұйымының құрамына кіретін мемлекеттік органдар мен ұйымдар Қазақстан Республикасындағы жағдайды тұрақсыздандыруға бағытталған саяси-дипломатиялық, экономикалық, құқықтық, ақпараттық, идеологиялық, сондай-ақ басқа да әскери емес құралдарға қарсы іс-қимыл бойынша барабар шараларды қолданады.

46. Қарсылас мемлекеттегі жағдайды тұрақсыздандыруға бағытталған, соның ішінде арнайы операциялар күштерін (арнайы мақсаттағы), жекеменшік әскери, күзет компанияларын, сондай-ақ террористтік, экстремисттік ұйымдарды және сепаратисттік қозғалыстарды пайдалану арқылы жасырын іс-қимылдарды жүргізген жағдайларда Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар олардың әрекеттерінің жолын кесу үшін арнайы операцияларды жүргізетін болады.

3.2.3. Әскери-экономикалық саладағы қызмет бағыттары

47. Қазақстан Республикасының әскери-экономикалық саладағы әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаты мемлекеттің әскери ұйымының қаржылық, материалдық-техникалық және басқа да ресурстарға қажеттіліктерін бейбіт және соғыс уақытында жұмыс істеу және одан әрі дамыту үшін жеткілікті көлемде қанағаттандыру болып табылады.

48. Қазақстан Республикасының әскери-экономикалық саладағы қызметінің негізгі бағыттары:

1) мемлекеттің қаржы-экономикалық жүйесін жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге дайындау;

- 2) мемлекеттік әскери-техникалық саясатты жетілдіру;
- 3) қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамыту болып табылады.

3.2.4. Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы

49. Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығының мақсаты Қазақстан Республикасын қарулы қорғау мүдделерінде соғыс уақытында мемлекетті тұрақты басқару, мемлекет экономикасын бейбіт жағдайдан соғыс жағдайы режиміне ұйымдастырылу жүзеге асыру, мемлекеттің әскери ұйымының және ел халқының қажеттіліктерін қамтамасыз ету, жауынгерлік іс-қимылдар мен аумақтық қорғаныс аймақтарында экономика салаларының және әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмыс істеуі болып табылады.

50. Жұмылдыру дайындығы жөніндегі Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) мемлекеттің жұмылдырудайындығы және жұмылдыруды басқару жүйесін дамыту;
- 2) мемлекеттік органдар және жұмылдыру тапсырмалары мен тапсырыстары бар ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- 3) мемлекеттік материалдық резерв жүйесін жетілдіру болып табылады.

3.2.5. Қазақстан Республикасының әскери ұйымын дамыту жөніндегі қызмет бағыттары

51. Мемлекеттің әскери ұйымын дамыту жөніндегі Қазақстан Республикасы қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлерге, оның ішінде құрамында Қазақстан Республикасы болатын ұжымдық қауіпсіздік ұйымдарының күштері құрамында барабар дең қоюға әзірлікті қамтамасыз ету болып табылады.

52. Әскери ұйымды дамытуда Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жауынгерлік әзірлікте ұсташа;
- 2) мемлекетті жұмылдыру әзірлігінде ұсташа;
- 3) Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуын кеңейту болып табылады.

3.3. Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

3.3.1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жауынгерлік әзірлікте ұсташа

53. Қазақстан Республикасында әскери жоспарлауды жетілдіру процесінде іске асырылатын негізгі шаралар:

- 1) мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету міндеттерін шешу кезінде мемлекеттің әскери ұйымы жүзеге асыратын қызметті нақтылау;
- 2) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану, олардың өзара іс-қимылын және жан-жақты қамтамасыз етуді ұйымдастыру тәсілдерін нақтылау ;
- 3) Мемлекет қорғанысы жоспарын әзірлеу арқылы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету кезінде мемлекеттің әскери ұйымының құрамына кіретін мемлекеттік органдар мен ұйымдар орындайтын іс-шаралардың міндеттерін, ауқымы мен мазмұнын нақтылау болып табылады.

54. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрамын, құрылымы мен орналасуын дамытудың негізгі шаралары:

- 1) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды қолдану жоспарларына сәйкес олардың міндеттерін, құрамы мен құрылымын нақтылау;
- 2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік құрамын мемлекетке төнетін әскери қатерлерге сәйкес келтіру;
- 3) стратегиялық бағыттарда тұраалық әскерлер (күштер) топтарын құруды аяқтау;
- 4) радиолокациялық өрісті ұлғайту және мемлекеттің әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің мүмкіндіктерін арттыру;
- 5) әскери-теңіз топтарының жауынгерлік әлеуетін Каспий теңізіндегі әскери қатерлерге ден қою үшін жеткілікті деңгейде ұстау;
- 6) аумақтық әскерлерді мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің жалпы жүйесіне ықпалдастыруды аяқтау;
- 7) қорғаныс мұдделерінде мемлекет аумағын жедел жабдықтау болып табылады.

55. Әскерлерді (күштерді) даярлау жүйесін жетілдіру жөніндегі негізгі шаралар:

- 1) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, оның ішінде құрамында Қазақстан Республикасы болатын ұжымдық қауіпсіздік ұйымы күштерінің қатысуымен бірлескен іс-қимылдарды жүргізуінің жаңа амалдары мен тәсілдерін пысықтау;
- 2) әскери басқару органдарын және әскерлерді (күштерді) қойылған міндеттерді орындауға және әскерлерді (күштерді) басқаруға даярлау сапасын арттыру;
- 3) жаттығуларды ұрыс қарқынында пысықтауға мүмкіндік беретін жауынгерлік іс-қимылдардың (елді мекендерде, таулы жерлерде және т.б.) жаңа тәсілдеріне оқытып-үйрету үшін оқу материалдық-техникалық базаны дамыту болып табылады.

56. Мемлекеттің әскери ұйымын басқару жүйесін дамыту жөніндегі негізгі шаралар:

- 1) Ұлттық қорғанысты басқару орталығын құру арқылы әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік және әскери басқаруды орталықтандыру;

2) әскерлерді, қаруды, ресурстарды автоматтандырылған басқару жүйелерін өрістету және мемлекеттің әскери ұйымының құрамына кіретін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне ықпалдастыруды қамтамасыз ету;

3) Қарулы Құштердің Жоғарғы Бас қолбасшысын және мемлекеттік басқару органдарын оқшаулауға жол бермеу үшін ақпараттық ресурстар мен жүйелердің, байланыс инфрақұрылымының, арнайы мақсаттағы телекоммуникация желілерінің тиімді жұмысын қолдау, сондай-ақ оларды үздіксіз және тұрақты пайдалануды қамтамасыз ету;

4) әскери мақсаттағы жүйелер үшін отандық техникалық және бағдарламалық құралдарды енгізу болып табылады.

57. Зымыран шабуылы туралы ескерту жүйесін дамыту жөніндегі негізгі шаралар:

1) Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының бірыңғай ӘШҚҚ өнірлік жүйесін дамыту;

2) Қазақстан Республикасында зымыран шабуылы туралы ескерту жүйесінің базалық элементтерін құру болып табылады.

58. Ақпараттық-психологиялық ықпал етуге қарсы іс-қимыл жүйесін дамыту жөніндегі негізгі шаралар:

1) әскери қызметшілердің соғыс уақытындағы іс-қимылдарға моральдық-психологиялық тұрақтылығын арттыру мұдделерінде идеологиялық және тәрбие жұмысына қазіргі заманғы әдістемелерді енгізу;

2) әскери ұжымдардағы жоғары жауынгерлік рухты қолдау;

3) әскери қызмет беделін, әскери қызметшінің мәртебесін арттыру және Қазақстан армиясының имиджін көтеру;

4) әскери қызметшілерде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын құрметтеуге бағытталған құндылықтарды қалыптастыру, оларды өз халқына адалдық рухында, Отанды қорғау бойынша әскери борышын мұлтікіз орындауға тәрбиелеу болып табылады.

59. Киберқауіпсіздікті арттыру жөніндегі негізгі шаралар:

1) киберқауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру;

2) киберқауіпсіздік жүйесінің құрамы мен құрылымын, кибербөлімшелерді қолдану нысандары мен тәсілдерін дамыту;

3) кибербарлауды және киберқорғауды жүргізу үшін кибербөлімшелерді арнайы құралдармен және бағдарламалық қамтылыммен кезең-кезеңімен қамтамасыз ету;

4) кибербөлімшелер үшін кадрлар даярлау;

5) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде мемлекеттің әскери ұйымының өзара іс-қимылын ұйымдастыру болып табылады.

60. Диверсиялар мен террористік актілердің алуды және жолын кесу жөніндегі негізгі шаралар:

1) күштер мен құралдарды шүғыл іс-қимылдарға, қысқа мерзімдерде басқару жүйесін өрістетуге әзірлікте ұстau және оларды қазіргі заманғы қару-жарапен және техникамен жарақтандыру;

2) қатерлерді болжаудың, алдын алудың, оларға ден қоюдың тиімді жүйесін құру және олардың салдарын жою;

3) бірлескен жоспарларға сәйкес құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік, орталық және жергілікті атқарушы органдардың үйлесімділігін қамтамасыз ету;

4) жедел ақпаратпен өзара алмасу мақсатында қолданыстағы ақпараттық жүйелерді бірыңғай блокқа ықпалдастыру;

5) қазіргі заманғы технологияларды ықпалдастырудың, енгізудің перспективалық жүйелері негізінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қолданыстағы нысандары мен тәсілдерін жетілдіру және жаңаларын әзірлеу;

6) әлеуетті құрауышқа жүктелген міндеттерді шешудің барынша мүмкін болатын деңгейіне қол жеткізу мақсатында ұтымды және теңгерімді қаржы-бюджет саясатын жүргізу болып табылады.

61. Мемлекеттік шекараны сенімді күзетуді (қорғауды) қамтамасыз ету жөніндегі негізгі шаралар:

1) Қазақстан Республикасының шекаралық кеңістігінде занылышты, белгіленген құқық тәртібін ұстau;

2) Мемлекеттік шекараның санатталуына және шекаралық кеңістіктегі қатерлерге сәйкес ондағы бөлімшелердің жауынгерлік әлеуетін арттыру;

3) ҚР ҰҚҚ Шекара қызметін қазіргі заманғы қару-жарапен және әскери техникамен, шекараны күзетудің техникалық құралдарымен жарақтандыру;

4) Мемлекеттік шекараның инфрақұрылымын оның санатталуына сәйкес келтіру;

5) Мемлекеттік шекараны күзету мәселелерінде ҰҚҚ Шекара қызметінің орталық, жергілікті атқарушы органдармен және шекара маңындағы аудандардың түрғындарымен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылады.

62. Аумақтық қорғанысты Қазақстан Республикасы әскери қауіпсіздігінің жалпы жүйесіне ықпалдастыру жөніндегі негізгі шаралар:

1) аумақтық қорғаныс құралымдарын аумақтық әскерлерге қайта құру және оларды Қарулы Күштер резервіне қосу;

2) аумақтық қорғаныс мәселелері бойынша Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың және жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін нақтылау;

3) аумақтық әскерлердің жауынгерлік әлеуетін күшейту және олардың жауынгерлік мүмкіндіктерін арттыру;

4) төтенше немесе соғыс жағдайы режимдерін енгізу және қамтамасыз ету кезінде Қарулы Күштердің, аумақтық әскерлердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, арнаулы мемлекеттік

және құқық қорғау органдарының бірлескен қызметін жүргізу үшін жедел үйлесімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

63. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды техникалық жарақтандыру жөніндегі негізгі шаралар:

1) әскерлердің (күштердің) қару-жарақпен және әскери техникамен жабдықталуын арттыру;

2) қару-жарақтың, әскери техниканың перспектиналық технологияларды қолдана отырып жасалған және әскерлердің (күштердің) барлау, соққы беру, оқ ату және көліктік мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік беретін үлгілерімен жарақтандыру;

3) жаңа әскери стандарттарды, оның ішінде қару-жарақ пен әскери техниканың отандық үлгілерін шығару үшін әзірлеу;

4) технологиялар трансферті кезінде қару-жарақ пен әскери техниканы бірегей өндірушінің стандарттарын отандық жағдайларға бейімдеу;

5) белгіленген қағидаларға сәйкес Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мұқтажы үшін қару-жарақты, әскери техника мен әскери мүлікті сатып алуды бақылау болып табылады.

64. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесін дамыту жөніндегі негізгі шаралар:

1) өңірлік қағидат бойынша Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың МТҚ құрылымдарын ықпалдастыруды аяқтау;

2) белгіленген нормаларға сәйкес Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар материалдық-техникалық құралдарының қорларын толықтыру және жаңарту;

3) материалдық-техникалық қамтамасыз ету қызметтерін қазіргі заманғы техникалық және арнайы құралдармен қайта жарақтандыру болып табылады.

65. Әскери білімді дамыту жөніндегі негізгі шаралар:

1) әскери мамандарды, әскери ғылыми кадрларды даярлау жүйесін, сондай-ақ әскери оқу орындарының құрамы мен құрылымын және олардағы оқу-тәрбие процесін Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қажеттіліктеріне сәйкес келтіру;

2) мемлекеттің әскери ұйымы үшін қажетті мамандықтарды енгізу және дамыту;

3) оқу процесіне қазіргі заманғы оқыту әдістемелері мен технологияларын енгізу, оқу, ғылыми және әдістемелік жұмыс, профессорлық-оқытушылар құрамын кәсіби даярлау деңгейін көтеру есебінен әскери мамандар мен ғылыми кадрларды даярлау сапасын арттыру;

4) азаматтық жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралардың құрамы мен құрылымын онтайландыру, оларда әскери оқу орындарында алынатын әскери мамандықтар бойынша мамандарды даярлаудың қайталануын болдырмау;

5) оқу бағдарламаларына әскери өнер мен әскери құрылышты дамыту үрдістерін, террористік және экстремистік ұйымдардың, көтерілісшілер әскерлерінің, жекеменшік әскери және күзет компанияларының, арнайы операциялар күштерінің қатысуымен қарулы, оның ішінде "гибридті" құрес әдістерін пайдалана отырып, құрес тәжірибесін зерделеуге арналған оқу материалдарын енгізу;

6) әскери оқу орындарының оқу және ғылыми зертханалық базасын жетілдіру, әскери қызметшілердің шеберліктерін дамыту және практикалық дағдыларын дарыту үшін оқу процесіне тренажерларды, симуляторларды енгізу болып табылады.

66. Әскери ғылымды дамыту жөніндегі негізгі шаралар:

1) әскери ғылыми кадрларды көбейту есебінен Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери-ғылыми әлеуетті арттыру;

2) әскери-техникалық мамандықтар және әскери ғылымның жалпы теориясы, әскери өнер теориясы және әскери құрылыш теориясы бойынша әскери ғылыми кадрлар даярлауды басым тәртіппен жүзеге асыру;

3) ғылыми-зерттеу базасын, оның ішінде әскери іс-қимылдарды модельдеу және әскери-техникалық бағыттар бойынша зертханаларды дамыту;

4) әскери проблематикамен айналысатын қоғамдық, жаратылыстану, техникалық ғылымдарды дамытуды жалғастыру;

5) әскери-ғылыми зерттеулерді орындау кезінде ғылымның басқа да салаларынан жетекші мамандарды пайдалану болып табылады.

3.3.2. Мемлекеттің жұмылдыру әзірлігінде ұстау

67. Қазақстан Республикасының жұмылдырудайындығының негізгі шаралары:

1) мемлекетте жұмылдыруды қамтамасыз етудің жай-күйін және оны үйлестіруді бақылау, бағалау жүйесін жетілдіру;

2) мемлекеттің жұмылдырудайындығы және жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру;

3) мемлекеттің аумағын және экономикасын жұмылдыруға, соғыс жағдайына және соғыс уақытына даярлау;

4) тұрғындарды, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жұмылдыруға, соғыс жағдайына және соғыс уақытына даярлау;

5) жұмылдыру жүргізілген кезде Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін әскери-есептік мамандықтар бойынша азаматтарды даярлау;

6) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырыстарын орындау үшін жұмылдыру резервін құру;

7) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың орналасу географиясына және оларды қолдану жоспарларына сүйене отырып, мемлекеттік материалдық резерв жүйесін дамыту;

8) маңызды азаматтық өнімге құжаттаманың, тәуекелі жоғары объектілерге және тұрғындардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесіне жобалық құжаттаманың сақтандыру қорын құру;

9) жастарды әскери қызметке даярлау жүйесін жетілдіру;

10) халықты зақымдау құралдарынан қорғану тәсілдеріне оқытып-үйрету;

11) соғыс уақытында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін материалдық құндылықтар қорларын күтіп ұстай;

12) мемлекеттің жұмылдырудайындығы және жұмылдыру мәселелерінде мемлекеттік органдар мен жұмылдыру тапсырмалары мен тапсырыстары бар ұйымдарды даярлау жүйесін жетілдіру болып табылады.

68. Қорғаныс өнеркәсібі кешенін (бұдан әрі – ҚӨК) дамыту жөніндегі негізгі шаралар:

1) қорғаныс өнеркәсібін басқару жүйесін дамыту;

2) қорғаныс өнеркәсібі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру;

3) бірынғай мемлекеттік әскери-техникалық саясатты жүргізу және мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты жан-жақты қамтамасыз ету;

4) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қорғаныс кәсіпорындарын дамыту;

5) ҚӨК өндірісінің тиімділігін арттыру, қару-жараптың, әскери және арнайы техниканың, әскери мүліктің жаңа және қазіргі заманғы үлгілерін әзірлеу және шығару үшін озық технологияларды енгізу;

6) Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін оқ-дәрілердің негізгі түрлерін шығару жөніндегі кәсіпорындарды салуды аяқтау;

7) инвестицияларды тарту, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібінің ғылыми-техникалық және өндірістік-технологиялық базасын жаңарту, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін инновациялық қызметті жандандыру;

8) шығарылатын өнім, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру, өткізу нарықтарын кеңейту, әскери өнімнің номенклатурасын және мөлшерін арттыру жолымен кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін дамыту;

9) сертификаттауды жетілдіру және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери өнімге мемлекеттік сынауларды, оларды қабылдауды жүргізу;

10) қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техниканы жеткізу және Қазақстан Республикасының аумағында перспективалы қарулану жүйелерін шығару бойынша

бірлескен өндірістерді құру үшін шетел компанияларымен өзара тиімді ынтымақтастыққа жағдай жасау;

11) қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының мұқтажын қамтамасыз ету үшін білікті кадрлар даярлау;

12) қару-жарақ, әскери және арнайы техника, әскери мулік бұйымдарына құжаттаманың сақтандыру қорын құру болып табылады.

69. Мемлекеттің жұмылдыру дайындығының көзделген шараларын іске асыру жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында басқару жүйесінің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

3.3.3. Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуын көңейту

70. Қазақстан Республикасының халықаралық әскери ынтымақтастығын дамыту халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметті көңейтуге және мемлекетке төнетін әскери қатерлерді төмендетуге бағытталған.

71. Қазақстан Республикасының халықаралық әскери ынтымақтастығын дамыту жөніндегі негізгі шаралар:

1) жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау режимдерін нығайтуға жәрдемдесу;

2) қару мен әскери техника, әскери және қос мақсаттағы технологиялар саудасы, осы қызмет саласындағы халықаралық шарттар нормаларын сақтау;

3) терроризмге, экстремизмге, сепаратизмге және есірткі бизнесіне қарсы халықаралық құрес жүргізуге белсенді түрде қатысу болып табылады.

72. Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының ынтымақтастығын дамыту жөніндегі негізгі шаралар:

1) ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде мемлекеттің тиімді және тең құқықты қатысуын қамтамасыз ету;

2) ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде әскерлер (қүштер) контингенттерін тағайындалуы бойынша міндеттерді орындауға даярлауды жүзеге асыру;

3) ұжымдық қауіпсіздік қүштерін қолдану мен қамтамасыз етуді бірлесіп жоспарлауға қатысу;

4) ұжымдық қауіпсіздік қүштері мен құралдарының өзара іс-қимылын жетілдіру, бірлескен іс-қимылдарды жүргізуін нысандары мен тәсілдерін дамыту;

5) Қазақстан Республикасының ұжымдық қауіпсіздік қүштері құрамына қатысуы үшін құқықтық және ұйымдық негіздерді жетілдіру және дағдарыс жағдайларында әскери және әскери-техникалық көмек көрсету болып табылады.

73. Қазақстан Республикасының бітімгершілік қызметке қатысуын көңейту жөніндегі негізгі шаралар:

1) мемлекеттің бітімгершілік бөлімшелерінің әлеуетін және мүмкіндіктерін арттыру, техникалық және жедел үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін оларды халықаралық және өнірлік ұйымдардың стандарттарына сәйкес келтіру;

2) бітімгершілік бөлімшелердің бірлескен оқу-жаттығуларға және халықаралық ұйымдар өткізетін іс-шаралар шеңберінде бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларды жоспарлау, жүргізу және жан-жақты қамтамасыз ету бойынша тәжірибе алмасуға қатысуын кеңейту;

3) терроризмге қарсы операцияларды және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларды жоспарлау, жүргізу және жан-жақты қамтамасыз ету мәселелерінде тәжірибе алмасу үшін ҰҚШҰ-ға, ШЫҰ-ға, НАТО-ға мүше мемлекеттермен бірлескен оқу-жаттығуларға қатысу;

4) жекеменшік әскери және құзет компанияларының қызметін реттеу, мониторингтеу және бақылауды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі халықаралық нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу үшін БҮҰ шеңберінде Үкіметаралық жұмыс тобының жұмысына қатысу;

5) Қазақстан Республикасының аумағында өнірлік бітімгершілік орталығын дамыту;

6) штабтық офицерлерді даярлау және оларды әскери байқаушылар ретінде БҮҰ миссияларына жіберу;

7) бітімгершілік бөлімшелерін БҮҰ Қауіпсіздік Кеңесінің карары негізінде міндеттерді орындау үшін БҮҰ миссияларына жіберу болып табылады.

74. Көрсетілген шараларды іске асыру Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуын кеңейтуге мүмкіндік береді.

4. Қорытынды

75. Әскери доктринаны іске асыру Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік әзірлігін және мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін мемлекетке тәнген әскери қатерлерге барабар дең қою, Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуын кеңейту үшін қажетті деңгейде үстауға мүмкіндік береді.

76. Әскери доктринаның ережелерін іске асыру бөлінетін бюджет қаражаты шегінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

77. Әлемдегі және өңірдегі әскери-саяси жағдай, әскери жанжалдар сипаты және қарулы күрестің мазмұны өзгерген жағдайларда Әскери доктринаның ережелері нақтылануы және толықтырылуы мүмкін.

78. Әскери доктринаның ережелері Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауларында нақтыланады және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік және әскери жоспарлау жүйесінде түзетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК